

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы атқару хаттамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 шілдедегі N 765 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылғы 28 қазанда Анкара қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы атқару хаттамасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы,

2003 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді негізге ала отырып, мыналар туралы келісті:

1 - б а п

Мақсат

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін 2003 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында Өтеусіз әскери көмек туралы келісімнің шеңберінде іске асырылатын 2003 жылғы материалдық-техникалық қамтамасыз ету жобасын белгілеу Осы Атқару хаттамасының мақсаты болып табылады.

2 - б а п

Қолдану аясы

Осы Атқару хаттамасының қолданылуы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабына таралады.

3 - б а п

2003 жылғы материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жобасы

1. 2003 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге сәйкес Түрік Республикасының Бас штабы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін 2 250 000 000 000 (екі триллион екі жүз елу миллиард) түрік лирасы сомасына

м а т е р и а л д а р

ұ с ы н ы л а д ы .

2. Осы материалдар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын және арнайы мақсаттағы батальонды оқыту үшін көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ұсынылады.

4 - б а п

Негізгі ережелер

1. Тараптар материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жобаны жүзеге асыру үшін жеткізілетін материалдардың атаулары мен санын бірлесіп қарайды және б е л г і л е й д і .

2. Бөлімнің жауынгерлік даярлығына тікелей қатысы бар көлік пен байланыс құралдары сияқты негізгі материалдарды Түркиядан Түрік Республикасының Бас ш т а б ы ж е т к і з е д і .

3. Амалсыз жағдайлардан басқа жағдайда бұл сомаға тұтыну тауарлары сатылып алынбайды және құрылыс жөндеу жұмыстары жүзеге асырылмайды. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осы тармақтың орындалуына жауапты болып т а б ы л а д ы .

4. Қазақстан Тарабы түрік Тарабы жеткізген материалдардың қабылданғаны туралы түрік Тарапына ақпарат береді және оларды пайдалану жөніндегі іс-шараларды құрады.

5. Сатып алынатын материалдар тек материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі тиісті жоба мақсатында пайдаланылады және басқа мақсатқа п а й д а л а н ы л м а й д ы .

6. Өтеусіз әскери көмек шеңберінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына дейін материалдарды жеткізуге түрік Тарабы жауап береді. Қазақстан Республикасының кеден аумағындағы материалдарды кедендік ресімдеу жөніндегі барлық рәсімдерді қазақстан Тарабы жүзеге асырады. Түрік Тарабы осы рәсімдер үшін жауап бермейді.

5 - б а п

Мәтін және қолдар

Осы Атқару хаттамасы 2003 жылғы 20 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімге с ә й к е с дайындалған.

Осы Атқару хаттамасы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2003 жылғы 28 қазанда Анкара қаласында әрқайсысы қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Атқару хаттамасының ережелерін түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда, тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін*

*Түрік Республикасының
Бас штабы үшін*

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
армия генералы*

*Түрік Республикасының
Бас штабының бастығы
армия генералы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ